



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ**Карибаева Тоғжан**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Заң факультеті
Халықаралық құқық мамандығы
Мпк-21 тобының студенті. Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші: Сейдеш Б.Б

Аңдатпа. Дипломатиялық құқық - халықаралық құқықтың ең бір маңызды және көне салаларының бірі. Дипломатиялық құқық- мемлекеттер арасында және халықаралық құқықтың басқа да субъектілері арасында сыртқы қатынасқа түсу органдарымен бекітілген және қолдау табатын ресми байланыс пен қатынасты реттейтін халықаралық – құқықтық нормаларының жиынтығы.

Аннотация. Международное публичное дипломатическое право – одна из основных отраслей международного публичного права, изучается как в составе базовой дисциплины, так и факультативно. История свидетельствует, что обмен послами, организация дипломатических сношений, были присущи практически всем человеческим цивилизациям с древнейших времен. Изучение международного дипломатического права позволит студентам узнать механизмы установления и развития международных сношений, урегулирования межгосударственных споров с помощью дипломатии, развития международного сотрудничества.

Түйін сөз. Дипломатиялық құқық, халықаралық құқық, халықаралық ұйымдар.

Дипломатиялық құқық - халықаралық құқықтың ең бір маңызды және көне салаларының бірі. Дипломатиялық құқық- мемлекеттер арасында және халықаралық құқықтың басқа да субъектілері арасында сыртқы қатынасқа түсу органдарымен бекітілген және қолдау табатын ресми байланыс пен қатынасты реттейтін халықаралық – құқықтық нормаларының жиынтығы. Дипломатиялық құқықтың қайнар көзі – көпжақты және екі жақты шарттар, әдет-ғұрып. Дипломатиялық құқықтың қайнар көзінің ерекшелігі әдет-ғұрыптың дипломатиялық құқықтың қайнар көзі ретінде маңызды және едәуір орын алатындығы. Халықаралық шарттардың ішіндегі ең маңыздысы 1961 ж. Дипломатиялық қатынас туралы Вена конвенциясы, оның нормалары дипломатиялық қызметтің негізгі сұрақтарын жан-жақты реттейді: дипломатиялық өкілдіктердің міндеттерін, дипломатиялық өкілдіктерді тағайындау және шақырып алу тәртібі, олардың сыныптары, дипломатиялық өкілдіктердің, персоналдың және басқа қызметшілердің артықшылықтары мен иммунитеттері. Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясы дипломатиялық өкілдік басшыларын үш сыныпқа бөледі:

- 1) елшілер мен нунцилер (Ватиканның өкілдерін осылай атайды);
- 2) уәкілдер, министрлер және интернунцилер.
- 3) іске сеніп тапсырылғандар

Мемлекеттер дипломатиялық қатынасты орнату және дипломатиялық қатынастың басқа да мәселелері бойынша екіжақты шарттар мен келісім-шарттар бекітеді. Халықаралық ұйымдар өздерінің штаб-пәтерлері, органдары орналасқан мемлекетпен өздерінің және өз персоналының иммунитеттері мен артықшылықтары жөнінде екіжақты шарттар бекітеді. Мемлекеттің сыртқы қарым-қатынас орнату органдары. Дипломатия бір мемлекеттің басқа мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен сыртқы байланыстарын бекітетін, халықаралық құқықтың субъектісі ретінде мемлекеттің құқықтарын танытатын, халықаралық қатынаста оның мүдделерін және оның азаматтары мен заңды тұлғаларының мүдделерін қорғайтын сыртқы қатынас органдарының ресми қызметі арқылы жүзеге асырылады.

Сыртқы қатынас орнату органдарын былайша бөлуге болады:

- А) мемлекеттің ішкі органдары;
- Ә) мемлекеттің сыртқы органдары;

Қазақстан Республикасының 1997 ж. 12 қарашадағы «Дипломатиялық қызмет туралы» Заңымен мынадай дәрежелер бекітілген: Төтенше және Өкілетті елші; I және II сыныптың Төтенше және Өкілетті уәкілі; I және II сыныптың кеңсшісі; I және II сыныптың бірінші хатшысы; I және II сыныптың екінші хатшысы; үшінші хатшы; атташе. ҚР Төтенше және Өкілетті Елшісінің және I және II сыныпты Төтенше және Өкілетті уәкілдің жоғары дипломатиялық дәрежелерін Президент береді; қалған дипломатиялық дәрежелерді – Сыртқы істер министрі береді. Дипломатиялық өкілдіктің құрылымы және құрамы. Дипломатиялық өкілдік мекендік мемлекеттің астанасында орналасады. Оның функционалды бөлімдері бар: Саяси, экономикалық, консулдық, мәдени байланыс, баспа, әкімшілік-шаруашылық бөлім, кеңес.

Дипломатиялық өкілдіктің құрамы үшке бөлінеді:

- А) дипломатиялық;
- ә) әкімшілік-техникалық;
- б) күтуші.

Дипломатиялық корпус. Бұл ұғым тар мағынада да және кең мағынада да қолданылады. Тар мағынада мекендік мемлекеттегі дипломатиялық өкілдіктер басшыларының жиынтығын білдіреді; кең мағынада – бұл дипломатиялық өкілдіктер басшыларының, олардың отбасы мүшелерінің және дипломатиялық персоналдың толық құрамын білдіреді. Дипломатиялық миссияның басталуы және тоқтатылуы. Мемлекеттер арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастар олардың өзара келісімдеріне негізделіп жүргізіледі. Сонымен бірге, тұрақты дипломатиялық өкілдіктер құру туралы келісім болуы керек.

Дипломатиялық миссияның басталуы төрт сатыдан тұрады:

- А) ағреман сұрау;
- б) елшіні қызметке тағайындау;
- в) тағайындалған елге келу;
- г) қызметке ресми (қағаз жүзінде) түрде кірісу.

Өкілдік басшысы қабылдаушы мемлекетте қалыптасқан әдет-ғұрыптарға сәйкес сенім грамотасын тапсырған сәттен бастап немесе сыртқы істер министрлігіне өзінің келгені туралы ресми хабарлап, сенім грамотасының көшірмесін ұсынған сәттен бастап өз қызметіне ресми кіріскен болып есептеледі. Ал дипломатиялық өкілдіктің қалған қызметкерлері тағайындалған кезден немесе қабылдаушы мемлекетке келген сәтінен бастап қызметіне кіріскен болып саналады. Өкілдіктің басшысы немесе басқа да қызметкерлері сонымен бірге, қандай да бір халықаралық ұйымда аккредитациялаған мемлекеттің өкілі ретінде қатыса алады. Дипломатиялық миссияның тоқтатылуына әр түрлі себептер болады: екі мемлекет арасындағы қарулы қақтығыстар; дипломатиялық қатынастардың тоқтатылуы; тараптардың біреуінің халықаралық құқық субъектісі ретінде жоғалуы; биліктің конституциялық емес ауысуы. Қарулы қақтығыстар басталған жағдайда қабылдаушы мемлекет дипломатиялық өкілдік мүшелерінің өз елдеріне аман-есен тез қайтуына көмектесуі тиіс.

Дипломатиялық иммунитеттер мен артықшылықтар. Иммунитет (*immunitas* - тәуелсіздік) тұлғаның қабылдаушы мемлекеттің қылмыстық, азаматтық және әкімшілік юрисдикциясынан алынуы, ал артықшылықтар тұлғаға берілген қабылдаушы мемлекеттің заңнамаларымен берілген артық құқықтар. 1961-жылғы Вена конвенциясы иммунитеттер пен артықшылықтар жеке тұлғалардың жеке пайдасы үшін берілмейді, керісінше дипломатиялық өкілдіктердің мемлекеттік орган ретінде функцияларын дұрыс атқару әшінұсынылатындығын айтады. Өкілдік орналасқан ғимаратқа, мұрағатына, құжаттарына, заттарына, және дипломатиялық поштаны құрайтын барлық нәрселерге кез-келген уақытта қол сұғуға жол берілмейді. Қабылдаушы мемлекеттің билік өкілдері дипломатиялық өкілдік ғимаратына тек қана өкілдік басшысының рұқсатымен кіре алады және өкілдіктің қауіпсіздігін, тыныштығын қамтамасыз ету үшін барлық шараларды қабылдау міндеті қабылдаушы мемлекетке жүктелген. Дипломатиялық өкілдіктің сонымен қатар фискальді иммунитеті бар. Яғни, ол кейбір жанама салықтар мен белгілі бір қызметтер үшін алымдардан басқа барлық мемлекеттік, аудандық, муниципалдық салықтардан

босатылуы тиіс. Дипломатиялық өкілдік барлық мүмкін. Шараларды қолдана отырып, (кодталған, шифрланған әрекеттерді қосқанда) өз мемлекетімен және басқа өкілдіктермен еркін қарым- қатынасқа тәсе алады. Дипломатиялық пошталарды ұстап қалуға және оларды ашуға жол берілмейді. Дипломатиялық пошта салықтардан, кедендік бажылардан босатылады. Дипломатиялық өкілдік ғимаратында өз мемлекеттерінің мемлекеттік рәміздерін қолдануға құқық беріледі. Дипломатиялық өкілдіктің дипломатиялық рангке ие мүшелері иммунитеттер мен артықшылықтарды толығымен иемденеді. Дипломатиялық агент тұлғалығына қол тигізуге жол берілмейді. Оны қамауға және ұстауға болмайды. Қабылдаушы мемлекет оған барлық сыйластықпен қарауы керек. Дипломатиялық агент қылмыстық, азаматтық және әкімшілік юрисдикциядан иммунитеті бар. Ол тек аккредитацияланған мемлекет дипломатиялық агенттің иммунитетінен бас тартқан жағдайда жауапкершілікке тартылуы мүмкін.. Дипломатиялық агенттің жеке заттары да қол сұқпаушылыққа ие. Дипломатиялық агент және оның отбасы қандай да бір үшінші мемлекет аумағы арқылы өтетін болса, үшінші мемлекет дипломатиялық агенттің қауіпсіздігін барынша қамтамасыз ету міндетті.

Осы Заң мемлекеттік қызметтің бір бөлігі ретіндегі Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметінің құқықтық негіздерін, сондай-ақ оның қызметін ұйымдастыру тәртібін белгілейді және оның дипломатиялық қызмет ұғымы деген 1-бабында:

1. Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі - Қазақстан Республикасының заңдары мен халықаралық шарттарына сәйкес Республиканың сыртқы саяси қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік органдардағы азаматтардың кәсіби қызметі.

2. Консулдық қызмет - дипломатиялық қызметтің Қазақстан Республикасы Президенті бекітетін Қазақстан Республикасының Консулдық жарғысы негізінде жүзеге асырылатын бір бөлігі деп көрсетсе, ал дипломатиялық қызмет жұмысының құқықтық негізі деген 2-бабында, дипломатиялық қызмет жұмысының құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, осы заң, Қазақстан Республикасы Президентінің «Мемлекеттік қызмет туралы» заң күші бар Жарлығы, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де заң және нормативтік құқықтық актілері құрайды деп көрсетеді. Дипломатиялық қызмет органдарының жүйесі деп аталатын 3-бабында дипломатиялық қызмет органдарының бірыңғай жүйесін Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасының шетелдердегі дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелері, Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдар жанындағы өкілдіктері, Сыртқы істер министрлігінің Қазақстан Республикасы аумағындағы өкілдіктері, Дипломатиялық корпусқа Қызмет көрсету жөніндегі департамент, сондай-ақ Сыртқы істер министрлігінің қызметін қамтамасыз ету үшін құрылған бағынышты ұйымдар, Дипломатиялық академия және Сыртқы істер министрлігінің қарамағындағы басқа да оқу орындары құрайды.

Сыртқы істер министрлігі туралы 4 бабында, 1. Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының сыртқы саяси қызметі жүзеге асыратын және дипломатиялық қызмет органдарының бірыңғай жүйесін басқаратын орталық атқарушы органы болып табылады. 2. Министрлікті Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі басқарады десе, ал дипломатиялық қызмет органдарының міндеттері деген 5 бабы бойынша дипломатиялық қызмет органдарына мынадай міндеттер жүктеледі:

1) Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының тұжырымдамасы мен негізгі бағыттарын әзірлеу және Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметіне тиісті ұсыныстар жасау;

2) Қазақстан Республикасының сыртқы саяси стратегиясы мен Президенттің халықаралық бастамаларын іске асыру жөнінде Қазақстан Республикасының Президентіне ұсыныстар әзірлеу;

3) Қазақстан Республикасының сыртқы саяси бағытын іске асыру, Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық саясатын жүзеге асыруға жәрдемдесу;

4) дипломатиялық құралдар мен әдістер арқылы Қазақстан Республикасының егемендігін, қауіпсіздігін, аумақтық тұтастығы мен шекараларының мызғымастығын қорғауды, басқа мемлекеттермен өзара қатынастарда және халықаралық аренада оның саяси, сауда-экономикалық және өзге де мүдделерін қамтамасыз ету;

5) Қазақстан Республикасының шетелдегі азаматтары мен заңды тұлғаларының құқықтары мен мүдделерін қорғау;

6) Қазақстан Республикасының шет мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен дипломатиялық және консулдық қатынастарын жүзеге асыру;

7) шет мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен қатынастарында Қазақстан Республикасының бірыңғай сыртқы саяси бағытын жүргізуді қамтамасыз ету мақсатында басқа орталық атқарушы органдардың қызметін үйлестіру;

8) дүние жүзіндегі саяси және экономикалық жағдайларды, шет мемлекеттердің сыртқы және ішкі саясатын, халықаралық ұйымдардың қызметін зерттеу;

9) мемлекеттік органдарды сыртқы және ішкі саясатты жүзеге асыруға қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету;

10) Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына сәйкес басқа да міндеттерді жүзеге асыру.

Қорытындылай келе, бүгінгі жаһандану кезеңіне сәйкес мемлекеттердің ынтымақтастығына баса көңіл бөле келе, дипломатиялық қатынастардың халықаралық құқықтағы ролін ерекше атап өткім келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

- 1) Ақпарат көзі – «Әділет» АҚЖ
- 2) Ablaikhan.kz/images/content/static/examquestion/master/mp/МП_Mar...
- 3) <https://baribar.kz/student/>

УДК 341.1/8

ПРАВА ЧЕЛОВЕКА В ДОКУМЕНТАХ ООН

Киреева Айсұлу Берикқызы

Студент 1 курса юридического факультета, специальности международное право
ЕНУ им. Л. Н. Гумилёва.

Научный руководитель – Карабаев Ф. Ж.

Права человека – это неотъемлемые права каждого человека, независимо от его национальности, местожительства, пола, этнической принадлежности, цвета кожи, религии, языка или любых других признаков. Все люди имеют равные права, исключая всякого рода дискриминацию. Права человека зафиксированы и гарантированы законом в форме договоров, международного права, общих принципов права и других источников международного права. Международное право в области прав человека возлагает на государства обязательства по осуществлению деятельности с целью поощрения и защиты.

Вплоть до начала XX века вопросы регулирования прав человека относились к внутренней компетенции государств. В период, предшествовавший созданию Организации Объединенных Наций, были приняты лишь договоры и конвенции, защищающие религиозные и национальные меньшинства, права человека во время вооруженных конфликтов, а также направленных на борьбу с рабством. Только после разгрома гитлеровской Германии и создания Организации Объединенных Наций стали складываться благоприятные предпосылки для развития широкого и плодотворного сотрудничества государств в сфере прав человека. Такие документы, как Устав ООН, Пакты о правах человека и другие соглашения в области прав человека играют очень важную роль, так как они не только налагают на государства-члены юридические обязательства в области прав